

# PHILIPS

## Құлаққаптар

3000 сериясы

TAT3508



## Пайдаланушы нұсқаулығы

Бұйымыңызды тіркеп, мына сайттан қолдау алыңыз

[www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)

# Мазмұны

---

1	Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	2
	Есту қауіпсіздігі	2
	Жалпы ақпарат	2

---

2	True wireless құлаққаптарыңыз	3
	Қорапта не бар	3
	Басқа құрылғылар	3
	True wireless құлаққаптарына шолу	4

---

3	Пайдалануға кірісу	5
	Аккумуляторды зарядтаңыз	5
	Қалай тағу керек	6
	Қолданбаны жүктеп алу	6
	Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен алғаш рет жұптастыру	6
	Құлаққаптарды басқа Bluetooth құрылғысымен жұптастыру	7

---

4	Құлаққаптарыңызды пайдалану	8
	Құлаққаптарды Bluetooth құрылғыңызға қосу	8
	ANC (шуды белсенді басу) басқару	8
	Қосу/өшіру	9
	Қоңырауларыңызды және музыканы басқару	9
	Voice Assistant (дауыстық көмекші)	9
	Құлаққаптардың ЖШД (LED) индикаторының күйі	9
	Зарядтағыш кейстің ЖШД (LED) индикаторының күйі	10

---

5	Құлаққаптарды қалпына келтіру	11
---	-------------------------------	----

---

6	Техникалық деректер	11
---	---------------------	----

---

7	Ескерту	12
	Сәйкестік декларациясы	12
	Ескірген өніміңізді және аккумуляторды кәдеге жарату	12
	Кірістірілген аккумуляторды алу	12
	ЭМӨ (EMF) талаптарын сақтау	13
	Экологиялық ақпарат	13

---

	Сәйкестік хабарландыруы	13
--	-------------------------	----

---

8	Сауда белгілері	15
---	-----------------	----

---

9	Жиі қойылатын сұрақтар	16
---	------------------------	----

# 1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

## Есту қауіпсіздігі



### Қауіп

- Есту қабілетін зақымдап алмас үшін құлаққаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану уақытын шектеп, қауіпсіз дыбыс деңгейін орнатыңыз. Дыбыс деңгейі неғұрлым жоғары болса, қауіпсіз тыңдау уақыты соғұрлым аз болады.

Құлаққапты қолданған кезде, мына нұсқауларды сақтаңыз.

- Қисынды дыбыс деңгейімен шамадан аспайтын уақыт тыңдаңыз.
- Дыбыс деңгейін үнемі жоғарылатудан сақ болыңыз, өйткені есту қабілетіңіз соған бейімделіп кетуі мүмкін.
- Дыбыс деңгейін айналаңызды ести алмайтын деңгейге дейін жоғарылатпаңыз.
- Қауіпті болуы мүмкін жағдайларда сақтық танытыңыз немесе пайдалануды уақытша тоқтатыңыз.
- Құлаққаптардың шамадан тыс дыбыстық қысымы есту қабілетінің нашарлауына әкелуі мүмкін.
- Көлік жүргізу кезінде құлақты жабатын құлаққаптарды пайдалану ұсынылмайды және кейбір аудандарда бұған тыйым салынуы мүмкін.
- Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін қозғалыс кезінде немесе басқа қауіпті болуы мүмкін жағдайларда музыкаға немесе телефон қоңырауларына көңіліңізді бөлмеңіз.

## Жалпы ақпарат

Зақымданудың немесе ақаулардың алдын алу үшін:



### Назар аударыңыз

- Құлаққаптарды қатты ыстық жерге қоймаңыз.
- Құлаққаптарыңызды құлатып алмаңыз.
- Құлаққаптар тамшылардың немесе бүркін тамшылардың әсеріне ұшырамауы керек. (Тиісті өнімнің IP көрсеткішін қараңыз)
- Құлаққаптардың суға батып кетуіне жол бермеңіз.
- Коннектор немесе ұя су болғанда құлаққапты зарядтамаңыз.
- Құрамында спирт, аммиак, бензол немесе абразивті заттары бар тазартқыштарды пайдаланбаңыз.
- Егер тазалау қажет болса, өнімді тазалау үшін судың аз мөлшеріне немесе сұйылтылған жұмсақ сабынға малынған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз.
- Кірістірілген аккумулятор күн сәулесі, от және осыған ұқсас шамадан тыс ыстық әсеріне ұшырамауы керек.
- Аккумуляторды дұрыс емес ауыстырсаңыз, жарылыс қаупі бар. Аккумуляторды тек бірдей немесе баламалы түрдегі аккумулятормен ауыстырыңыз.
- IP қорғанысының белгілі бір дәрежесіне жету үшін зарядтау ұясының қақпағы жабық болуы керек.
- Аккумуляторды отқа немесе ыстық пешке лақтыру, оны механикалық түрде ұсақтау немесе кесу жарылысқа әкеп соқтыруы мүмкін.
- Аккумуляторды өте жоғары температуралы ортада қалдыру жанғыш сұйықтықтың немесе газдың ағып кетуіне немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Егер аккумулятор өте төмен ауа қысымына ұшыраса, бұл жанғыш сұйықтықтың немесе газдың ағып кетуіне немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Өрт қаупінің алдын алу үшін жабдық тек сыртқы қуат көзінен қуатталады, оның қуаты PS1 стандартына сәйкес келуі керек (шығу қуаттылығы 15 Вт-тан аз).

Қолдану және сақтау температуралары мен ылғалдығы

- Салыстырмалы ылғалдылығы 90% дейін құрайтын -20 °C (-4 °F) – 50 °C (122 °F) аралығындағы температуралы жерде сақтаңыз.
- Салыстырмалы ылғалдылығы 90% дейін құрайтын 0 °C (32 °F) – 45 °C (113 °F) аралығындағы температуралы жерде пайдаланыңыз.
- Аккумулятордың қызмет ету мерзімі жоғары немесе төмен температура жағдайларында азырақ болуы мүмкін.
- Аккумуляторды дұрыс емес түрдегі аккумулятормен ауыстыру құлаққаптар мен аккумуляторларға қатты зақым келтіруі мүмкін (мысалы, литий аккумуляторлардың кейбір түрлері үшін).

## 2 True wireless құлаққаптар ыңыз


Жаңа өніміңіз құтты болсын және Philips отбасысына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық алу үшін өз өніміңізді сайтқа

([www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)) тіркеңіз. Осы Philips True wireless құлаққаптарымен мына мүмкіндіктерге қол жеткізесіз:

- сымсыз хендсфри режимінде қоңырау шалу және қабылдау
- сымсыз режимде музыка тыңдау және оны басқару
- қоңыраулар мен музыка арасында ауысу



Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы




Кепілдік



Қауіпсіздік техникасы бойынша жадынама

### Қорапта не бар



True wireless құлаққаптары  
Philips TAT3508



Құлаққап ұштары x 6






Туре-С зарядтау кабелі (тек зарядтау үшін)

### Басқа құрылғылар

Bluetooth қосылымын қолдайтын және құлаққаптармен үйлесімді ұялы телефон немесе құрылғы (мысалы, ноутбук, планшет, Bluetooth адаптерлері, MP3 ойнатқыштары және т.б.).

---

## True wireless құлаққаптарына шолу



- ① Мультифункционалдық сенсорлық (MFT)
- ② ЖШД (LED) индикаторы (құлаққаптар)
- ③ Bluetooth жұптастыру түймесі
- ④ ЖШД (LED) индикаторы (батарея күйі немесе зарядтау күйі)
- ⑤ USB-C зарядтау ұясы

# 3 Пайдалануға кірісу

## Аккумуляторды зарядтаңыз


### Ескерту

- Құлаққаптарды пайдаланбас бұрын оларды зарядтағыш кейске салыңыз және аккумулятордың оңтайлы сыйымдылығы мен қызмет ету мерзімін қамтамасыз ету үшін оны 2 сағат бойы зарядтаңыз.
- Зақымданудың жол бермеуі үшін тек түпнұсқалық USB-C зарядтау кабелін пайдаланыңыз.
- Зарядтаудан бұрын қоңырауды аяқтаңыз. Құлаққаптар зарядтау үшін жалғаған кезде, олар өшіріледі.
- Егер құлаққаптар ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, аккумулятор батареясы зарядын жоғалта бастайды. Бұған жол бермеу үшін аккумуляторды кем дегенде үш айда бір рет толықтай зарядтаңыз.

## Құлаққаптар

Құлаққаптарды зарядтағыш кейске салыңыз.

- Құлаққаптар зарядтала бастайды және ақ ЖШД (LED) шамы қосылады
- Құлаққаптар толықтай зарядталғанда, ақ шам сөнеді




### Кеңес

- Әдетте USB кабелі арқылы толық зарядтау 2 сағатқа созылады (құлаққаптар немесе зарядтағыш кейс үшін).

## Зарядтағыш кейс

USB-C кабелінің бір ұшын зарядтағыш кейске, ал екіншісін қуат көзіне қосыңыз.



### Кеңес



- Зарядтағыш кейс құлаққаптарды зарядтауға арналған тасымалданбалы қосалқы аккумулятор ретінде қызмет етеді. Зарядтағыш кейс толық зарядталғанда, ол құлаққаптарды 2 рет толығымен зарядтайды.

## Қалай тағу керек

Оңтайлы тағу үшін үйлесімді саптамаларды таңдаңыз


Тығыз, сенімді бекіту үздік дыбыс сапасы мен шуды жоюды қамтамасыз етеді.

- 1 Қай құлаққап ұшы киілген кезде үздік дыбыс пен жайлылықты қамтамасыз ететінін анықтаңыз.
- 2 Жинаққа үш өлшемді силикон құлаққап ұштары кіреді: үлкен, орташа және кішкентай.



### Құлаққаптарды тығу

- 1 Құлаққаптардың сол немесе оң бағытын тексеріңіз.
- 2 Құлаққаптарды құлағыңызға тығып, сенімді бекітілмегенше ақырындап бұраңыз.



## Қолданбаны жүктеп алу

Қолданбаны жүктеп алу үшін QR кодын сканерлерлеңіз/«Жүктеп алу» түймесін басыңыз немесе Apple App Store немесе Google Play дүкенінде «Philips Headphones» деп іздеңіз.



«Philips құлаққаптары» қолданбасы тыңдап жатқан музыканы басқаруға мүмкіндік береді. Музыка мен қоңырау дыбысы қажеттіліктеріңізге сай келуі үшін, реттей аласыз.

## Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен алғаш рет жұптастыру

- 1 Құлаққаптардың толық зарядталғанына және өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
- 2 Зарядтағыш кейс қақпағын ашыңыз, құлаққаптар жұптастыру режиміне өтіп, қосылуға дайын күйде болады.
  - ↳ Екі құлаққаптардағы ЖШД индикаторлары ақ және көк түстермен кезектесіп жыпылықтайды
  - ↳ Қазір құлаққаптар жұптастыру режимінде және Bluetooth құрылғысымен (мысалы, мобильді телефон) жұптасуға дайын

- Bluetooth құрылғысында Bluetooth мүмкіндігін қосыңыз.
- Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен жұптастырыңыз, Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

#### Ескерту

- Қуатын қосқаннан кейін, құлаққап бұрын қосылған Bluetooth құрылғыны таба алмаса, оларды жұптастыру режиміне (қақпағы ашық әрі құлаққаптары ішінде болған күйде кейс түймесін 3 секунд басып тұрыңыз) орнатыңыз.

Келесі мысалда құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен қалай жұптастыру керектігі көрсетілген.

- Bluetooth құрылғысында Bluetooth мүмкіндігін қосып, **Philips TAT3508** құрылғысын таңдаңыз.
- Егер сұрау пайда болса, «0000» (4 нөл) құлаққаптар құпиясөзін енгізіңіз. Bluetooth мүмкіндігінің 3.0 немесе одан жоғары нұсқасы бар құрылғыларда құпиясөзді енгізудің қажеті жоқ.



Philips TAT3508

## Бір құлаққап («Моно» режимі)


«Моно» режимінде пайдалану үшін зарядтағыш кейстің оң немесе сол құлаққапты алыңыз. Құлаққап автоматты түрде қосылады.

#### Ескерту

- Зарядтағыш кейстен екінші құлаққапты алыңыз, сонда олар автоматты түрде бір-бірімен жұптасады.

## Құлаққаптарды басқа Bluetooth құрылғысымен жұптастыру

Құлаққаптарды басқа Bluetooth құрылғысымен жұптастырғыңыз келсе, оларды жай ғана жұптастыру режиміне орнатыңыз да, (құлаққаптары ішінде және қақпағы ашық қаптағы түймені 3 секунд басып тұрыңыз), екінші құрылғыны әдепкі жұптастыру процесіндегідей іздеп табыңыз.



#### Ескерту

- Құлаққаптар жадында 4 құрылғыны сақтайды. Егер сіз 4 құрылғыдан артық жұптастырғыңыз келсе, ең бірінші жұптастырылған құрылғы соңғысына ауыстырылады.

## Көп нүктелі қосылым

Жұптастыру

- Құлаққаптарды 2 құрылғымен (мысалы мобильді телефонмен және ноутбукпен) жұптастыру.

Құрылғылар арасында ауысу

- Кез келген уақытта 1 құрылғыдан музыка тыңдауға болады. Екінші құрылғы телефон қоңырауларына пайдаланылады.
- Бір құрылғыдан аудиофайлды ойнатуды тоқтатып, екіншісінен ойната бастаңыз.

#### Ескерту

- 1-құрылғыдан аудиофайлды ойнату кезінде, 2-құрылғыға қоңырау келсе, 1-құрылғыдағы аудиофайл ойнатылуын тоқтатады. Қоңырау құлаққаптарға автоматты түрде бағытталады.
- Қоңырау аяқталған кезде, 1-құрылғыдағы аудиофайл ойнатылуын жалғастырады.



# 4 Құлаққаптар-ыңызды пайдалану

## Құлаққаптарды Bluetooth құрылғыңызға қосу

- 1 Bluetooth құрылғысында Bluetooth мүмкіндігін қосыңыз.
- 2 Зарядтағыш кейстің қақпағын ашыңыз.
  - ↳ ЖШД (LED) индикаторы көк түспен жыпылықтайды.
  - ↳ Құлаққаптар соңғы қосылған Bluetooth құрылғысын іздейді және оған автоматты түрде қайта қосылады. Ең соңғы қосылған құрылғы қолжетімді болмаса, құлаққаптар екінші соңғы рет қосылған құрылғыны іздеп, соған қайта қосылады.

### Кеңес

- Егер сіз Bluetooth құрылғысында Bluetooth мүмкіндігін құлаққаптар қосылғаннан кейін қоссаңыз, құрылғының Bluetooth мәзіріне өтіп, құлаққаптарды құрылғыға қолмен қосуыңыз керек.

### Ескерту


- Кейбір Bluetooth құрылғыларында қосылым автоматты түрде орнатылмауы мүмкін. Бұл жағдайда құрылғының Bluetooth мәзіріне өтіп, құлаққаптарды Bluetooth құрылғысына қолмен қосу керек.

## ANC (шуды белсенді басу) басқару

### ANC режимін қосу

Сол жақ құлаққапты екі рет түрту арқылы әртүрлі ANC режимдері арасында ауысуға болады.

- ANC функциясы құлаққап құлаққа киілген кезде, автоматты түрде қосылады.
- MFT екі рет түртілгенде, ANC функциясы өшеді.
- MFT екі рет түртілгенде, айналадағы дыбысты есту режиміне ауысады.



Тапсырма	MFT	Әрекет
ANC ҚОСУЛЫ	Сол құлаққап	Екі рет түрту
Айналадағы дыбысты есту режимі	Сол құлаққап	Екі рет түрту
ANC ӨШІРУЛІ	Сол құлаққап	Екі рет түрту
Айналадағы дыбысты есту (жылдам)	Сол құлаққап	Дыбыстық сигналдан кейін түртуді жалғастыру

## Қосу/өшіру

Тапсырма	MFT	Әрекет
Құлаққаптарды қосу		Қосу үшін құлаққаптарды зарядтағыш кейстен шығару
Құлаққаптарды өшіру		Өшіру үшін құлаққаптарды зарядтағыш кейске қайта салу

## Қоңырауларыңызды және музыканы басқару

Музыканы басқару

Тапсырма	MFT	Әрекет
Музыканы ойнату немесе кідірту	Оң құлаққап	Екі рет түрту
Келесі әуен	Оң құлаққап	Үш рет түрту
Алдыңғы әуен	Сол құлаққап	Үш рет түрту
Дыбысты теңшеу +	Оң құлаққап	Бір рет түрту және ұзақ ұстап тұру
Дыбысты теңшеу -	Сол құлаққап	Бір рет түрту және ұзақ ұстап тұру

Қоңырауды басқару

Тапсырма	MFT	Әрекет
Тұтқаны көтеру/қоңырауды аяқтау	Оң/сол құлаққап	Бір рет түрту
Тұтқаны қою/қоңырауды қабылдамау	Оң/сол құлаққап	Екі рет түрту

## Voice Assistant (дауыстық көмекші)

Тапсырма	Түйме	Әрекет
Дауысты көмекшіні (Siri/Google) іске қосу	Оң құлаққап	Дыбыстық сигналдан кейін түртуді жалғастыру
Дауысты көмекшіні тоқтату	Оң құлаққап	Бір рет түрту

## Құлаққаптардың ЖШД (LED) индикаторының күйі

Құлаққаптар күйі	Индикатор
Құлаққаптар Bluetooth құрылғысына жалғанып тұр	Ақ ЖШД (LED) шамы бір рет жыпылықтайды
Құлаққаптар жұптастыруға дайын	ЖШД (LED) индикаторы көк және ақ түстермен кезектесіп жыпылықтайды
Құлаққаптар қосұлы, бірақ Bluetooth құрылғысына қосылмаған	ЖШД (LED) индикаторы ақ түспен секунд сайын жыпылықтайды (3 минут кейін автоматты түрде сөнеді)
Аккумулятор деңгейі төмен (құлаққаптар)	ЖШД (LED) индикаторы ақ түспен әр 5 секунд сайын 3 рет жыпылықтайды
Аккумулятор толығымен зарядталған (зарядтағыш кейс)	Қаптың ЖШД (LED) индикаторын қараңыз

---

## Зарядтағыш кейстің ЖШД (LED) индикаторының күйі

Зарядталып жатқан кезде	Индикатор
Батарея төмен	Сары жарық диоды жанады
Салыстырмалы түрде барабар батарея	ЖШД (LED) индикаторы жанады

Пайдаланылуда және қақпағы ашық	Индикатор
Батарея төмен	Ақ түсті ЖШД (LED) шамы баяу түрде 4 цикл бойы жыпылықтайды
Салыстырмалы түрде барабар батарея	Өшірулі

## 5 Құлаққаптарды қалпына келтіру

Жұптастыру немесе қосылу мәселелері туындаған кезде, құлаққаптарды бастапқы параметрлеріне қайтару үшін келесі әрекетті орындауға болады.

- 1 Bluetooth құрылғысында Bluetooth мәзіріне өтіп, **Philips TAT3508** құрылғысын құрылғылар тізімінен жойыңыз.
- 2 Bluetooth құрылғысындағы Bluetooth мүмкіндігін өшіріңіз.
- 3 Құлаққаптарды зарядтағыш кейске қайтарып, қақпақты ашыңыз.
- 4 Қаптағы түймені екі рет басыңыз.
- 5 «Құлаққаптарды пайдалану – құлаққаптарды Bluetooth құрылғысына қосу» бөліміндегі қадамдарды орындаңыз.
- 6 **Philips TAT3508** құрылғысын таңдап, құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен жұптастырыңыз.

Құлаққаптардан жауап келмесе, құлаққаптарды қалпына келтіру үшін төмендегі қадамдарды орындап көріңіз.

- Құлаққаптарды зарядтағыш кейске қайтарып, қақпақты ашыңыз да, қаптағы түймені 10 секундтан аса уақыт басып тұрыңыз.

## 6 Техникалық деректер

- Музыканы ойнату уақыты (ANC қосулы): 7 + 14 сағат
- Музыканы ойнату уақыты (ANC өшірулі): 9 + 18 сағат
- Күту уақыты: 200 сағат
- Зарядталу уақыты: 2 сағат
- Әр құлаққапта 55 мАсағ литий-ионды аккумулятор, зарядтағыш кейсте 400 мАсағ литий-ионды аккумулятор
- Bluetooth нұсқасы: 5.3
- Үйлесімді Bluetooth профилдері:
  - HFP (хендсфри профилі)
  - A2DP (Аудио таратудың кеңейтілген профилі)
  - AVRCP (Қашықтан басқару пультінің аудио-бейне профилі)
  - TMAP(Телефония және медиа-аудио-профилі)
- Қолдау көрсетілетін аудио кодектері: LC3, SBC
- Жиілік диапазоны: 2,402-2,480 ГГц
- Таратқыш қуаты: < 10 дБм
- Әрекет ету ауқымы: 10 метрге дейін (33 фут)
- Қуатты автоматты өшіру
- Зарядтауға арналған USB-C порты
- Аккумулятордың деңгейі төмен болуы туралы ескерту: бар



### Ескерту

- Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

# 7 Ескерту

## Сәйкестік декларациясы

Осымен MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы бұл өнім RED Directive 2014/53/EU директивасының және UK Radio Equipment Regulations SI 2017 No 1206 регламентінің негізгі талаптарына және басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны келесі сайттан табуға болады: [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support).

## Ескірген өніміңізді және аккумуляторды кәдеге жарату



Сіздің өніміңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға жарамды жоғары сапалы материалдар мен компоненттерден жасалған және жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімге European Directive 2012/19/EU директивасының әрекет ететінін білдіреді.




Бұл таңба өнімде European Directive 2013/56/EU директивасына сәйкес келетін және қарапайым тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайтын кірістірілген аккумулятор бар екенін білдіреді. Маман аккумуляторды шығарып алу үшін өнімді ресми қабылдау пунктіне немесе Philips қызмет көрсету орталығына апаруды ұсынамыз. Электрлік және электронды өнімдер мен қайта зарядталатын аккумуляторларды бөлек жинаудың жергілікті жүйесі туралы өзіңізді хабардар етіңіз. Жергілікті ережелерді ұстаныңыз және әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге өнімді және қайта зарядталатын аккумуляторларды ешқашан тастамаңыз. Ескі өнімдер мен қайта зарядталатын аккумуляторларды дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін жағымсыз әсерлердің алдын алуға көмектеседі.


## Кірістірілген аккумуляторды алу

Егер еліңізде электронды өнімдерді жинау/кәдеге жарату жүйесі болмаса, құлаққаптарды тастамаc бұрын аккумуляторды алып тастау және кәдеге жарату арқылы қоршаған ортаны қорғауға болады.

- Аккумуляторды алып тастамаc бұрын, құлаққаптардың зарядтағыштан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.



- Аккумуляторды алып тастамаc бұрын зарядтағыш USB зарядтау кабелінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.



## ЭМӨ (EMF) талаптарын сақтау

Бұл өнім электромагниттік өрістердің әсеріне қатысты барлық ағымдағы стандарттар мен талаптарға сәйкес келеді.

## Экологиялық ақпарат

Барлық қажетсіз қаптама алынып тасталды. Біз қаптама үш материалға оңай бөлінуі үшін бар күшімізді салдық: картон (қорап), көбікполистирол (буфер) және полиэтилен (пакеттер, қорғаныс пенопласты).

Сіздің жүйеңіздің құрамына қайта өңдеуге болатын және қайта пайдалануға болатын материалдар кіреді, егер бөлшектеуді мамандандырылған компания жасайтын болса. Қаптама материалдарын, заряды біткен аккумуляторларды және ескі жабдықты кәдеге жаратудың жергілікті ережелерін сақтаңыз.

## Сәйкестік хабарландыруы

Құрылғы ФБК (федералдық байланыс комиссиясы), 15-бөлімінің ережелеріне сәйкес келеді. Пайдалану келесі екі шарт орындалған жағдайда жүзеге асырылады:

1. Бұл құрылғы зиянды бөгеуілдерді тудырмауы керек және
2. Бұл құрылғы кез-келген бөгеуілдерді, соның ішінде қажетсіз жұмысты тудыруы мүмкін бөгеуілдерді қабылдауы керек.

### ФБК ережелері

Бұл жабдық ФБК ережелерінің 15-бөлігіне сәйкес В класындағы сандық құрылғылардың шектеулеріне сәйкес сыналды және танылды. Бұл шектеулер тұрғын үй-жайларда пайдаланылған кезде зиянды әсерлерден қолайлы қорғауды қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл жабдық радиожилік энергиясын өндіреді, пайдаланады және шығара алады әрі ол орнатылып, пайдалану нұсқауларына сәйкес пайдаланылмаса, ол радиобайланыс үшін зиянды

бөгеуілдер тудыруы мүмкін. Алайда, белгілі бір орнату кезінде бөгеуіл туындамайтынына кепілдік жоқ. Егер бұл жабдық теле- немесе радиохабарға зиянды бөгеуілдер тудырса әрі оны жабдықты өшіру және қосу арқылы анықтауға болатын болса, пайдаланушыға бөгеуілдерді келесі әдістердің бірімен немесе бірнешеуімен шешіп көруге кеңес беріледі:

- Қабылдағыш антеннаңыз бағдарын өзгерту немесе оны басқа жерге қою
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттыру
- Жабдықты қабылдағыш қосылған тізбектен бөлек тізбектегі розеткаға қосу
- Дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар маманына хабарласып, көмек сұрау

### Радиациялық әсер туралы ФБК мәлімдемесі:

Бұл жабдық басқарылмайтын орта үшін белгіленген сәулелену әсеріне қатысты ФБК шектеулеріне сәйкес келеді. Бұл таратқыш басқа антенналардың немесе таратқыштардың жанында орналаспауы немесе олармен бірге жұмыс істемеуі керек.

**Ескерту:** Сәйкестік үшін жауапты тарап мақұлдамаған өзгерістер немесе жетілдірулер пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін екендігі туралы пайдаланушыға ескертілді.

### Канада:

Бұл құрылғыда Канаданың инновациялар, ғылым және экономикалық даму министрлігінің лицензиясынан босатылған RSS(RSS) талаптарына сәйкес келетін лицензиядан босатылған таратқыш(тар)/қабылдағыш(тар) бар. Пайдалану келесі екі шарт орындалған жағдайда жүзеге асырылады: (1) Осы құрылғы бөгеуіл тудырмауы тиіс. (2) Бұл құрылғы кез келген бөгеуілдерді, соның ішінде құрылғының қолайсыз жұмысына әкелуі мүмкін бөгеуілдерді қабылдауы керек.

L'émetteur/récepteur exempt de licence contenu dans le présent appareil est conforme aux CNR d'Innovation, Sciences et Développement économique Canada applicables aux appareils radio exempts de licence.

L'exploitation est autorisée aux deux conditions suivantes : (1) L'appareil ne doit pas produire de brouillage; (2) L'appareil doit accepter tout brouillage radioélectrique subi, même si le brouillage est susceptible d'en compromettre le fonctionnement.

CAN ICES-003(B)/NMB-003(B)

### **ІС радиациялық сәулеленуі туралы мәлімдеме:**

Бұл жабдық Канадада бақыланбайтын орталар үшін белгіленген радиациялық әсер ету шегіне сәйкес келеді.

Бұл таратқыш басқа антенналардың немесе таратқыштардың жанында орналаспауы немесе олармен бірге жұмыс істемеуі керек.

# 8 Сауда белгілері

---

## Bluetooth

Bluetooth® сөз белгісі және логотиптер Bluetooth SIG, Inc. компаниясына тиесілі тіркелген сауда белгілері болып табылады. MMD Hong Kong Holding Limited компаниясының бұл белгілерді кез келген пайдалануы лицензия бойынша жүзеге асырылады. Басқа сауда белгілері мен сауда атаулары олардың тиісті иелеріне тиесілі.

---

## Siri

Siri – бұл АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі.

---

## Google

Google және Google Play – бұл Google LLC компаниясының сауда белгілері.



# 9 Жиі қойылатын сұрақтар

## **Bluetooth құлаққаптары қосылмайды.**

Аккумулятор деңгейі төмен.  
Құлаққаптарды зарядтаңыз.

## **Мен Bluetooth құлаққаптарым Bluetooth құрылғысымен жұптастыра алмаймын.**

Bluetooth мүмкіндігі өшірілген.  
Bluetooth құрылғысында Bluetooth мүмкіндігін қосыңыз және құлаққаптарды қоспас бұрын Bluetooth құрылғысын қосыңыз.

## **Жұптастыру жұмыс істемейді.**

- Екі құлаққапты да зарядтағыш кейске салыңыз.
- Алдында қосылған барлық Bluetooth құрылғыларында Bluetooth мүмкіндігін өшіргеніңізге көз жеткізіңіз.
- Bluetooth құрылғысында Bluetooth тізімінен «Philips TAT3508» атты құрылғыны жойыңыз.
- Құлаққаптарды жұптастырыңыз (6-беттегі «Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен бірінші рет жұптастыру» бөлімін қараңыз).

## **Bluetooth құрылғысы құлаққаптарды таба алмайды.**

- Құлаққаптар одан бұрын жұптастырылған құрылғыға жалғанып тұруы мүмкін. Қосылған құрылғыны өшіріңіз немесе оны әрекет ету аймағынан тыс қойыңыз.

- Жұптастыру қалпына келтірілген немесе құлаққаптар бұрын басқа құрылғымен жұптастырылған болуы мүмкін. Пайдаланушы нұсқаулығында сипатталғандай құлаққапты Bluetooth құрылғысымен қайта жұптастырыңыз. (6-беттегі «Құлаққаптарды Bluetooth құрылғысымен бірінші рет жұптастыру» бөлімін қараңыз).

## **Менің Bluetooth құлаққаптарым стерео Bluetooth мүмкіндігін қолдайтын мобильді телефонға қосылған, бірақ музыка тек мобильді телефон динамигi арқылы ойнатылады.**

Мобильді телефонның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Құлаққаптар арқылы музыка тыңдауды таңдаңыз.

## **Аудио сапасы нашар және шыртылдаған шу естіледі.**

- Bluetooth құрылғысы әрекет ету аймағынан тыс. Құлаққаптар мен Bluetooth құрылғысы арасындағы қашықтықты азайтыңыз немесе олардың арасындағы кедергілерді алып тастаңыз.
- Құлаққаптарды зарядтаңыз.

## **Мобильді телефоннан ағынмен жіберу кезінде дыбыс сапасы төмен өте баяу немесе ағынмен жіберу мүлдем жұмыс істемейді.**

Мобильді телефоныңыз HFP (моно) режимін ғана емес, сонымен қатар A2DP режимін де қолдайтынына және BT4.0x (немесе одан жоғары) нұсқасымен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз (11-беттегі «Техникалық деректер» бөлімін қараңыз).



2023 © MMD Hong Kong Holding Limited. Барлық құқықтар қорғалған. Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Philips және Philips Shield таңбасы Koninklijke Philips N. V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады. Бұл өнім MMD Hong Kong Holding Limited компаниясының немесе оның филиалдарының бірінің жауапкершілігімен өндірілді және сатылды, ал MMD Hong Kong Holding Limited осы өнім бойынша кепілгер болып табылады. Барлық басқа компаниялар мен өнімдер атаулары олармен байланысты тиісті компаниялардың сауда белгілері болуы мүмкін.

